

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ИНСТИТУТЫ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы

Халықаралық Тараз инновациялық  
институтының президенті, т.ғ.д.

Н. Муслимов

2023 ж.



**ПРОФЕССОР-ОҚЫТУШЫЛАР ҚҰРАМЫН  
ЛАУАЗЫМДАРҒА КОНКУРСТЫҚ ОРНАЛАСТАЫРУ  
ЕРЕЖЕСІ  
СМЖ ҚЕ 1-5-3-2023**

**Қызмет бабында пайдаланылатын басылым**

**Тараз 2023 ж.**

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</p>	<p>КЕ 1-5-3-2023 СМЖ «Персоналды басқару» ҮК ҚҰ 10-2023</p>
--	--	---

## АЛҒЫ СӨЗ

### 1. Әзірленді

- Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы Сихаева К.
- Заң басқармасының басшысы Матжанов Е.
- Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор Кадырова А.
- Академиялық саясат басқармасының басшысы Акимова Д.

### 2. Келісілді

*Институттың ғылыми кеңесінің 2023 жылғы 31 тамыздагы кезектен тыс №1 мәжілісінде қарастырылып, бекітілді*



## МАЗМҰНЫ

№		БЕТІ
1	Жалпы ережелер.....	4
2	Конкурсты өткізу туралы хабарландыру.....	4
3	Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау және қарau.....	4
4	Конкурстық комиссияны құру.....	5
5	Конкурстық комиссия құрамы.....	5
6	Конкурсқа қатысатын үміткерлердің біліктілікке қойылатын талаптар.....	5
7	Конкурсты өткізу тәртібі.....	7
8	Шағымдану тәртібі.....	8
9	Корытынды.....	8
	Қосымша 1.....	9
	Қосымша 2.....	10
	Қосымша 3.....	12
	Қосымша 4.....	13
10	Келісу парагы.....	14
11	Танысу парагы.....	15
12	Тарату парагы.....	16
13	Өзгерістер енгізу парагы.....	17

	<p><b>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</b></p> <p>Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</p>	<b>КЕ 1-5-3-2023</b> <b>СМЖ «Персоналды басқару»</b> <b>ҮК КҮ 10-2023</b>
--	--	---

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институтының профессор-оқытушы құрамының лауазымдарына конкурстық орналасу тәртібін анықтайды және КР Еңбек кодексіне, КР «Білім туралы» Заңына, КР «Ғылым туралы» Заңына, КР Білім және ғылым министрінің 2018 жылдың 30 қарашасында №595 бүйрөкімен бекітілген «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үйімдары қызметінің үлгілік Қағидаларына» және институт Жарғысына сәйкес әзірленді.

1.2 Осы Ереженің мақсаты – профессор-оқытушылар құрамының конкурсқа қатысуына тең мүмкіндіктер беру, бәсекелестікті, әділдікті, жариялыштықты қамтамасыз ету, конкурсты өткізу кезінде сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеу, институтта білім беру үдерісін үздіксіз қамтамасыз ету үшін үздік педагогикалық қызметкерлерді таңдауды қамтамасыз ету болып табылады.

1.3 Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарға конкурстық орналасуына тиісті бейіндері бойынша жоғары немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар және институттың Ғылыми кеңесінде бекітілген «Профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамалары» талаптарына сәйкес тұлғалар жіберілуі мүмкін.

1.4 Өнер, мәдениет және спорт саласындағы жоғары оқу орындарының қауымдастырылған профессорлар (доцент), профессорлар лауазымдарына орналасу конкурсына тиісті ғылыми атағы мен ғылыми дәрежесі жоқ, бірақ осы мамандық бойынша танылған, жетістіктерге ие мамандар жіберіледі.

## 2. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

2.1 Конкурс туралы хабарландыру институттың немесе республикалық бұқаралық ақпарат құралдарының интернет- ресурсында орналастырылады.

2.2 Конкурсқа қатысу туралы өтініштер хабарландыруда көрсетілген мерзімде қабылданады.

2.3 Конкурсқа өтініш берген үміткердің құжаттары толық болмаған жағдайда конкурс өткізілгенге дейін конкурсқа қатысуға өтініш берген тұлғаға құжаттары қайтарылады.

**Конкурс өткізу туралы хабарландыру мынадай мәліметтерді қамтиды:**

- профессор-оқытушы құрамы лауазымдарының атауы;
- жоғары оқу орнының орналасқан жері, пошталық мекен-жайы, телефон көрсетілген атауы;
- құжаттарды қабылдаудың аяқталағын күні мен уақыты;
- институттың профессор-оқытушылар құрамының біліктілік сипаттамаларына сәйкес анықталатын конкурсқа қатысушыға қойылатын негізгі талаптарды.

## 3. КОНКУРСҚА ҚАТЫСУҒА ҚҰЖАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚАРАУ

3.1 Конкурсқа қатысатын үміткерлер персоналды басқару және құжат айналымы басқармасына келесідей құжаттарды тапсырады:

- институт басшысының атына жазылған өтініші;
- кадрларды есепке алу бойынша жеке парагы;
- өмірбаян;
- жоғары білімі мен академиялық және ғылыми дәрежесі туралы дипломдардың, ғылыми атағы туралы құжаттардың көшірмелері және салыстыру үшін түпнұсқалары;

	<b>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</b> <b>Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі</b> <b>Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</b>	<b>КЕ 1-5-3-2023</b> <b>СМЖ «Персоналды басқару»</b> <b>ҮК КҮ 10-2023</b>
--	--	---

- қайта даярлау және біліктілікті арттыру туралы сертификаттардың көшірмесі (болған жағдайда) және салыстыру үшін түпнұсқалары;

- ғылыми жұмыстар мен өнертабыстардың тізімі (болған жағдайда);

- наркологиялық, психоневрологиялық, туберкулезге қарсы диспансерлерде тіркелмегендігі туралы медициналық анықтамалар;

- Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің есептері бойынша тұлғаның қылмыстық құқық бұзушылық жасауы туралы мәліметтердің болуы не болмауы туралы анықтама;

- профессор-оқытушы құрамының лауазымдарына орналасу үшін білім беру бағдарламасы бойынша ғылыми жобаның презентациясы (электрондық турде, көлемі 10 слайдтан артық емес).

Осы тармақта көзделген тізбеке сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбау өтінішті қабылдаудан ерікті нысанда бас тартуға негіз болып табылады.

Конкурсқа қатысушы біліміне, көсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (ғылыми жарияланымдардың тізімі, алдыңғы жұмыс орнындағы басшылық берген ұсынымдар), сондай-ақ жұмыс тәжірибесін және біліктілігін растайтын құжаттар бере алады.

#### **4. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯНЫ ҚҰРУ**

4.1 Конкурстық комиссияның саны мен жеке құрамы, оның өкілеттілік мерзімі институт басшысының бүйрығымен бекітіледі.

4.2 Конкурстық комиссия конкурсты өткізу нысанын, мерзімін айқындауды, конкурстық құжаттарға талдау жасайды. Конкурс қорытындысы бойынша шешім шығарады.

4.3 Конкурстық комиссия жұмысының негізгі міндеттері:

- конкурсқа қатысу үшін барлығына бірдей теңдік мүмкіндігін беру;

- конкурсқа қатысушылардың арасында әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету;

- әділдіктің сақталуына және конкурстың жариялыш түрде өткізуіне бақылауды жүзеге асыру;

- конкурстық комиссия отырысының кестесін анықтау;

- конкурстық құжаттамаларға талдау жүргізу;

- конкурстық қорытындысы бойынша уміткермен еңбек шартын жасау немесе жасамау жөнінде институт басшысына ұсыным жасау.

#### **5. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ ҚҰРЫЛЫМЫ**

конкурстық комиссия келесі құрамда құрылады:

- конкурстық комиссияның төрағасы – институт басшысының орынбасары (ректор);

- конкурстық комиссия төрағасының орынбасары – академиялық жұмыстар жөніндегі проректор;

- конкурстық комиссияның мүшелігіне құрамына міндетті турде профессор-оқытушылар құрамынан бір оқытушы енгізіледі;

- конкурстық комиссияның хатшысы – институттың штаттық қызметкери, персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының менеджері;

- құрамында кемінде үш адам бар конкурстық комиссия мүшелері (жоғары оку орнының штаттық оқытушылары, кадрлық қызметтің басшысы, заң кенесшісі).

	<b>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</b> <b>Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі</b> <b>Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</b>	<b>КЕ 1-5-3-2023</b> <b>СМЖ «Персоналды басқару»</b> <b>ҮК КҮ 10-2023</b>
---	--	---

## **6. КОНКУРСҚА ҚАТЫСАТЫН ҮМІТКЕРЛЕРДІҢ БІЛІКТІЛІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **Факультет дәкани:**

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
- ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы, философия докторы (PhD) дәрежесі;
- білім беру үйімдердегі басшылық қызметте немесе мамандығы бойынша кемінде 5 жыл еңбек өтілі болуы тиіс;
- факультетті дамыту бағдарламалары – факультет деканының бос лауазымына орналасу конкурсына катысадын тұлғалар үшін;
- менеджмент саласындағы соңғы үш жылдағы біліктілік, біліктілікті арттыру курстарын бітіргені туралы сертификат (куәлік);
- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес оқу курсы соңғы үш жылдағы 72 сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат (куәлік).

### **Кафедра менгерушісі:**

#### **Біліктілікке қойылатын талаптар**

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
- ғылыми дәрежесі немесе ғылыми атағы, философия докторы (PhD) дәрежесі;
- білім беру үйімдердегі басшылық қызметте немесе мамандығы бойынша кемінде 5 жыл еңбек өтілі болуы тиіс;
- кафедраны дамыту бағдарламалары – кафедра менгерушісі лауазымына орналасу конкурсына катысадын тұлғалар үшін;
- менеджмент саласындағы соңғы үш жылдағы біліктілік, біліктілікті арттыру курстарын бітіргені туралы сертификат (куәлік);
- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес оқу курсы соңғы үш жылдағы 72 сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат(куәлік);

### **Профессор:**

#### **Біліктілікке қойылатын талаптар**

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
- ғылыми дәрежесі, философия докторы (PhD) дәрежесінің немесе профессор ғылыми атағының болуы;
- ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл өтілі;
- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес оқу курсы соңғы үш жылдағы 72 сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат (куәлік);
- ғылыми жұмыстар мен өнертабыстарының тізімі, соңғы 5 жылда кемінде 3 ғылыми мақала.

### **Қауымдастырылған профессор (доцент):**

#### **Біліктілікке қойылатын талаптар**

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
- ғылыми дәрежесінің, философия докторы (PhD) дәрежесінің және (немесе) қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағының болуы;
- ғылыми-педагогикалық қызметте кемінде 5 жыл өтілі;
- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес оқу курсы соңғы үш жылдағы 72 сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат (куәлік);
- ғылыми жұмыстар мен өнертабыстарының тізімі, соңғы 5 жылда кемінде 3 ғылыми мақала.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Професор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі Персоналды басқару және күжат айналымы басқармасы</p>	<p>КЕ 1-5-3-2023 СМЖ «Персоналды басқару» ҮК КҮ 10-2023</p>
--	---	---

### Аға оқытушы:

#### Біліктілікке қойылатын талаптар

- жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі;
- ғылыми дәрежесінің және (немесе) философия докторы (PhD) дәрежесінің немесе магистр академиялық дәрежесінің болуы;
- жоғары оқу орнында және (немесе) ғылыми-зерттеу институттарында ғылыми-педагогикалық қызмет өтілі кемінде 1 жыл;
- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес оқу курсы соңғы үш жылдағы 72 сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат (куәлік);
- соңғы 5 жылдағы ғылыми жұмыстар мен өнертабыстарының (болған жағдайда), ғылыми мақалалардың тізімі.

### Оқытушы:

#### Біліктілікке қойылатын талаптар

- жоғары (специалитет) және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі (магистр академиялық дәрежесінің болуы);
- оқытылатын пәндер бейініне сәйкес оқу курсы соңғы үш жылдағы 72 сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат (куәлік).

## 7. КОНКУРСТЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

Професор-оқытушылар құрамының лауазымдарына тағайындау конкурсы саулнама, тестілеу, әңгімелесу, шығармашылық есеп беру, авторлық әзірлемелерді қорғау, практикалық тапсырмалар нысанында үміткерлердің қызмет қорытындылары талдамалық жалпылау негізінде өткізіледі, бұл ретте кәсіби деңгейді анықтау үшін әрбір лауазым бойынша үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес білімдері тексеріледі.

Әңгімелесудің мақсаты лауазымға конкурс жариялаған нақты жоғары оқу орнының ерекшеліктерін, үлгілік біліктілік сипаттамаларын ескере отырып, үміткерлердің кәсіби және жеке қасиеттеріне баға беру болып табылады.

Әңгімелесу қорытындылары осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес бағалау парагына енгізіледі.

Бұдан кейін конкурстық комиссия профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарына орналастыру үшін конкурстық іріктеу бойынша ашық немесе жасырын дауыс беруді өткізу туралы шешім қабылдайды.

Ашық дауыс беру жағдайында конкурстық комиссияның шешімі бағалау парактарының нәтижелері негізінде конкурстық комиссияның мүшелері санының басым көшілік дауысымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда конкурстық комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Конкурстық комиссия отырысы конкурстық комиссия мүшелерінің жалпы санынан кемінде үштен екінші отырысқа қатысқанда заңды деп саналады.

Талқылау барысы және конкурстық комиссияның қабылданған шешімі конкурстық комиссияның барлық мүшелері мен хатшысы қол қоятын хаттама түрінде ресімделеді.

Ерекше пікірі бар конкурстық комиссияның мүшелері оны білдірген жағдайда оны комиссия хаттамасына қоса берілетін жазбаша нысанда баяндайды.

Жасырын дауыс беру барысында конкурстық комиссия осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес, лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс беру үшін үміткерді бюллетеніге (бұдан әрі – Бюллетень) енгізу туралы шешім қабылдайды.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Профессор-окытушылар құрамының лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</p>	<p>КЕ 1-5-3-2023 СМЖ «Персоналды басқару» ҮК КҮ 10-2023</p>
---	--	---

Дауыс беруші тұлға кандидатты қабылдауға келісетіндігін немесе келіспейтіндігін әр кандидаттың аты-жөнінің қасында жазылған "келісемін" немесе "келіспеймін" деген сөздерді белгілеу арқылы білдіреді. Конкурстық іріктеуде бір лауазымға екі және одан да көп үміткер қатысқан жағдайда, бюллетенъде бірде-бір аты-жөні сызылып тасталмаса, онда ол жарамсыз деп танылады.

Дауыстарды санау үшін конкурстық комиссия жасырын дауыс берудің алдында конкурстық комиссия арасынан кемінде үш адамнан тұратын есептеу комиссиясын сайлайды. Есептеу комиссиясы әр кандидатура бойынша берілген дауыстардың нәтижесін жариялады. Есептеу комиссиясының хаттамасын конкурстық комиссия бекітеді және конкурс материалдарына қосады.

Конкурс өткізу кезінде конкурстық комиссия мүшелерінің кемінде 2/3 мүшесі дауыс беруге қатысқан жағдайда, конкурстық комиссияның шешімі жарамды болып саналады.

Кандидат, егер оған комиссия құрамынан қатысып отырғандардың көпшілігі дауыс берген жағдайда оң қорытындыға ие болады. Дауыс берген кезде дауыстар тен болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Жасырын дауыс беру арқылы қабылданған конкурстық комиссияның шешімі, егер ол осы Ережені сақтау негізінде қабылданған болса, түбекейлі болып саналады.

Құпия дауыс берудің нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әр бос лауазымға үміткер бойынша еңбек шартын жасау үшін «жоғары оқу орнының басшысына ұсынылады» немесе «жоғары оқу орнының басшысына ұсынылмайды» деген жазумен ұсынымдар дайындауды.

Комиссия хатшысы конкурска қатысқан тұлғаларды конкурстың нәтижелерімен және конкурстық комиссияның ұсынымдарымен таныстырады.

Еңбек шартын жасау 10 күнтізбелік күннен кешіктірмей, конкурстық комиссия отырысы аяқталғаннан және жоғары оқу орны ректорының шешімінен кейін жүргізіледі.

Жоғары оқу орындарының профессор-окытушылар құрамын лауазымдарға тағайындау конкурсының қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарты жасалады.

Институт қашықтықтан жұмыс жасау режиміне көшкен жағдайда конкурс қашықтықтан өткізу режимінде немесе санитарлық-эпидемиологиялық шараларды сақтай отырып өткізіледі және презентацияның материалдарын электронды поштаға ([htii\\_kz@mail.ru](mailto:htii_kz@mail.ru)) жіберуге болады.

## 8. ШАҒЫМДАНУ ТӘРТІБІ

8.1 Конкурсқа қатысушылар институт басшысының атына өтініш беру арқылы конкурстық комиссияның шешімдеріне шағымдануға құқылы.

8.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 21-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес конкурстық сұраптар бойынша туындастын қатынастарға жеке еңбек дауларын қарau жөніндегі қағидалар қолданылады.

8.3 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 159-бабына сәйкес еңбек даулары жеке еңбек дауларын қарau жөніндегі келісім комиссиясында қаралады.

## 9. ҚОРЫТЫНДЫ

9.1 Осы Ереже институттың басқару жүйесін жетілдіруге арналған, жұмыс берушінің құқықты қолданушылық маңызы бар актісі болып табылады.

9.2 Осы Ереже қол қойылған күннен бастап қолданылады.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Профессор-оқытушылар құрамының лауазымдарға конкурстық орналасыру ережесі Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</p>	<p>КЕ 1-5-3-2023 СМЖ «Персоналды басқару» ҮК КҮ 10-2023</p>
--	---	---

*Қосымшасы 1  
Ұлғи*

(бұрыштама)

(қолы)

«\_\_\_» 20 \_\_\_ ж.

Шерхан Мұртаза атындағы  
Халықаралық Тараз инновациялық  
институтының президенті, т.ғ.д.  
Н.Муслимов мырзага

(жұмыс орны, лауазымы)

(толық аты-жөні)

**ӨТІНІШ**

Мені \_\_\_\_\_ кафедрасына \_\_\_\_\_ қызметіне  
(кафедраның аты) (қызметтің аты)

жарияланған лауазымға конкурсқа қатысуыма рұқсат беруіңізді өтінемін.

Керекті құжаттары тіркелді.

Конкурс Ережесімен таныстым.

(қолы)

(куни)

	Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты	КЕ 1-5-3-2023
	Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы	СМЖ «Персоналды басқару» ҮК КҮ 10-2023

## Косымшасы 2

(ЖКОО атауы)

### БАҒАЛАУ ҚАҒАЗЫ

Конкурстық комиссия

20 \_\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_ отырыс.

Хаттама №\_\_\_\_

Лауазым \_\_\_\_\_

Кафедра \_\_\_\_\_

Үміткердің Т.А.Ә. \_\_\_\_\_

### 1. ДЕРЕКТЕРДІ БАҒАЛАУ

Біліктілік талаптар	Бағалау өлшемдері					Ескертпе
Білімі	сәйкес/сәйкес емес					
Дәрежесі/атағы	сәйкес/сәйкес емес					
	5	4	3	2	1	
Кәсіби тәжірибесі						
Кәсіби талаптар (жарияланымдардың болуы, іргелі және/немесе гылыми қолданбалы жобаларга жетекші немесе орындаушы ретінде қатысуы, мұғалім студенттердің көзімен сауалнама нәтижелері және т.б.)						
Тілдерді білу						

### 2. ПРЕЗЕНТАЦИЯНЫ БАҒАЛАУ

Бағалау критерийлері	5	4	3	2	1	Ескертпе
Мазмұны мен тақырыптың сәйкестігі						
Оқытудың интерактивті әдістерін қолдану						
Жағдаяттық тапсырмалар және кейстердің болуы						
Берілген ақпараттың өзектілігі						
Баяндау мәнері және аудиторияның қатысуы						

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</p>	<p>КЕ 1-5-3-2023 СМЖ «Персоналды басқару» YK KY 10-2023</p>
--	--	---

### 3. ӘҢГІМЕЛЕСУДІ БАҒАЛАУ

Сұрақтар	5	4	3	2	1	Ескертпе

### 4. ҚОРЫТЫНДЫ ШЕШІМ

Шешім	Негіздеме	Ескертпе
Лауазымға орналасуға ұсынылады		
Лауазымға орналасуға ұсынылмайды		

Конкурстық комиссия мүшесінің Т.А.Ә. (болған жағдайда)

Қолы \_\_\_\_\_ күні \_\_\_\_\_

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</p> <p>Профессор-окытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі</p> <p>Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</p>	<p>ҚЕ 1-5-3-2023</p> <p>СМЖ «Персоналды басқару» ҮК КҮ 10-2023</p>
--	--	--

### Қосынышасы 3

#### Лауазымға конкурстық іріктеу бойынша жасырын дауыс (үлгі)

беруге арналған бюллетень \_\_\_\_\_

(ЖОО атауы)

Конкурстық комиссия

(Ректордың № \_\_\_\_ " \_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ жылғы бұйрығымен бекітілді)

20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ отырыс. № \_\_\_\_ хаттама

Лауазым \_\_\_\_\_

Кафедра \_\_\_\_\_

Факультет \_\_\_\_\_

Жарияланған бірліктер саны \_\_\_\_\_

№	Үміткердің тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)	Дауыс беру нәтижелері	
1		Келісемін	Келіспеймін

#### Ескертпе:

- 1) Аты-жөндері алфавиттік тәртіпте енгізіледі.
- 2) Кандидатураны "Жақтап" дауыс беру нәтижелері "Келіспеймін" сезін сызып тастаумен, ал "Қарсы" дауыс берген жағдайда – "Келісемін" сезін сызып тастаумен білдіріледі.
- 3) Комиссия мүшесі "Келісемін" деп дауыс берген кандидатура саны жарияланған бірлік санынан аспауы тиіс.
- 4) Аталған қағидаларды бұзу арқылы толтырылған бюллетень жарамсыз деп саналады.

	<b>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты</b> <b>Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі</b> <b>Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</b>	<b>КЕ 1-5-3-2023</b> <b>СМЖ «Персоналды басқару»</b> <b>ҮК КҮ 10-2023</b>
---	--	---

**Косымшасы 4**

**Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты**  
**Профессор-оқытушылар құрамы лауазымдарына конкурс откізу барысында жүргізілетін**  
**дауыстарды санау бойынша санақ комиссиясының**

**МӘЖІЛІСІ**

**№** \_\_\_\_\_ хаттама

**«\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_ ж.**

**Тараз к.**

(штаттық орын және қызметі)

(конкурсқа катысушының толық аты-жөні)

**«\_\_\_\_\_» 20 \_\_\_\_\_ жыл**

**Комиссия құрамы:**

- 1.
- 2.
- 3.

Конкурстық комиссия мәжілісіне \_\_\_\_\_ адам қатысты.

**Дауыс беру нәтижесі:**

Мәжіліске қатысқандар \_\_\_\_\_ адам

Мақұлдан дауыс бергендер \_\_\_\_\_ адам

Қарсы дауыс бергендер \_\_\_\_\_ адам

Бұлінген бюллетендер саны \_\_\_\_\_

Дауыс берудің қорытынды нәтижесі \_\_\_\_\_  
(уміткердің аты-жөні)

(жеке енбек шартын жасауга ұсыныс: «ұсынылады», «ұсынылмайды»)





**Санақ комиссиясының төрағасы:**

**Санақ комиссиясының мүшелері:**

- 1.
- 2.

	<p>Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз инновациялық институты Профессор-окытушылар құрамын лауазымдарға конкурстық орналастыру ережесі Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасы</p>	<p>КЕ 1-5-3-2023</p> <p>СМЖ «Персоналды басқару» ҮК ҚY 10-2023</p>
--	--	--

## 10. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
<b>Келісілді:</b>			
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Кадырова А.С.		<u>28. 08.2023</u> ж.
Персоналды басқару және құжат айналымы басқармасының басшысы	Сихаева К.М.		<u>28. 08.2023</u> ж.
Академиялық саясат басқармасының басшысы	Акимова Д.К.		<u>28. 08.2023</u> ж.
Заң департаментінің бастығы	Матжанов Е.Е.		<u>28. 08.2023</u> ж.